

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747 және 1997 жылғы 30 мамырдағы N 907 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 қараша N 1644. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.10.27. N 1087 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1747

P961747_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 516-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Спирттің барлық түрі (тауар өндірушіде осындай өнімді шығару құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы болған жағдайда ликер-арақ, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, шарап, бальзам, емдік және фармацевтік дәрі-дәрмектер жасауға босатылғандарынан, сондай-ақ мемлекеттік медициналық мекемелерге босатылғандарынан басқа) 3,0 экю/литр"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Спирттің барлық түрі (тауар өндірушіде көрсетілген өнімді шығару құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы болған жағдайда емдік және фармацевтикалық

дәрі-дәрмектерді дайындау үшін босатылатын.
дықтарынан, сондай-ақ мемлекеттік медициналық
мекемелерге босатылатындарынан басқа) 0,3 экю/литр"
"Коньяктар 0.3 экю/литр" деген жол алынып тасталсын;

"Өңделмеген мұнай" деген жолдағы 2-бағандағы "7 экю/тонна"

деген сөздер "3 экю/тонна" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Электр энергиясы 0,03 теңге-кВт. сағат"

"Импортталатын акцизделетін тауарларға арналған акциздердің
ставкалары және жеке адамдардың Қазақстан Республикасының кеден
шекарасы арқылы алып өтетін, акциз салуға жатпайтын акцизделетін
тауарлардың нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997
жылғы 30 мамырдағы N 907

P970907_

қаулысына (Қазақстан Республикасының
ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 23, 209-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"2207, Спирттің барлық түрлері (тауар өндірушінің

2208- ликер-арақ бұйымдарын, күшейтілген

ден" сусындарды, күшейтілген шырындарды,

шараптарды, бальзамды өндіру құқығына

Қазақстан Республикасының лицензиясы

бар болса, аталған өнімдерді әзірлеу

үшін әкелінетіндерінен басқа) 3,5 экю/литр

Күшейтілген сусындар, күшейтілген

шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-

арақ бұйымдары, коньяктар 3,0 экю/литр"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"2207, Спирттің барлық түрлері

2208-

ден

0,3 экю/литр

Күшейтілген сусындар, күшейтілген
шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-
арақ бұйымдары, коньяктар 1,7 экю/литр"

"2709 00-ден өңделмеген мұнай" деген жолдағы 3-бағандағы "7,0 экю/тонна"
деген сөздер "3,0 экю/тонна" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"271600000 Электр энергиясы 0,03 теңге/кВт. сағат".

2. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы спирттің барлық түрлері, күшейтілген сусындар, күшейтілген
шырындар мен бальзамдар, арақ, ликер-арақ бұйымдары, коньяктар, сондай-ақ
өңделмеген мұнай бойынша 1997 жылдың 1 желтоқсанынан бастап, ал электр
энергиясы бойынша - 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі